

«ҮЗДІК АВТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМА» КОНКУРСЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

1.1. Осы ЕРЕЖЕ бастауыш сынып мұғалімдерінің арасындағы «Үздік авторлық бағдарлама» облыстық конкурсының өткізу тәртібі мен шарттарын анықтайды.

1.2. Облыстық конкурсты Қарағанды облысы білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы өткізеді.

1.3. Конкурс өткізу тәртібі ЕРЕЖЕМЕН анықталады.

1.4. Конкурс білім мазмұнын жетілдіру және жаңарту мақсатында үздік авторлық бағдарламаларды анықтауға мүмкіндік береді.

II. КОНКУРСТЫҢ МАҚСАТЫ

- ✓ Бастауыш сынып мұғалімдерінің оқу пәндері мен таңдау курстары бойынша авторлық бағдарламалар жасайтын, озық авторлық іс-тәжірибесін анықтау және тарату.

III. КОНКУРСТЫҢ МІНДЕТІ

- ✓ Бастауыш сынып мұғалімдерінің шығармашыл әлеуетін қолдау;
- ✓ Үздік жұмысты анықтау;
- ✓ Өз әзірлемелерін тәжірибеде қолдану мүмкіндіктерін пайдалану;
- ✓ Үздік педагогикалық іс-тәжірибені тарату;
- ✓ Шығармашылық қызмет нәтижелерімен, педагогикалық идеялармен, жобалармен бөлісу;

IV. КОНКУРСҚА ҚАТЫСУШЫЛАР ЖӘНЕ КОНКУРСҚА ҚАТЫСУ

4.1. Конкурсқа барлық меншік түріндегі орта мектептердің бастауыш сынып мұғалімдері қатысады. Топтық жұмыстар қарастырылмайды. Бұрын қорғалған жұмыстар конкурсқа жіберілмейді.

4.2. Конкурсқа қатысуға үміткерлердің жалпы өтініштері қалалық, аудандық білім беру бөлімдерінде сараптамадан өткеннен кейін жүргізіледі.

4.3. Бағалау критерийлерге байланысты жүзеге асырылады.

V. КОНКУРСТЫҢ МАЗМҰНЫ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТҮРІ

5.1. Конкурсқа авторлық бағдарламалар, факультативтік курстар және таңдау пәні бойынша курстар ұсынылады.

5.2. Авторлық бағдарламаның құрылымы:

- ✓ титул беті
- ✓ рецензия (ғылыми қызметкер, практик-мұғалімдердің);
- ✓ түсінік хат;
- ✓ тақырыптық-оқу жоспары;
- ✓ авторлық бағдарлама жоспары;
- ✓ әдістемелік қамтылуы;
- ✓ қосымша;

5.3. Титул бетінде:

- ✓ білім беру ұйымының атауы заңды құжатқа сәйкес;
- ✓ тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатқа сәйкес), жеке куәлік;
- ✓ бағдарлама авторының лауазымы;

- ✓ авторлық бағдарламаның әзірленген жылы;

Бағдарламаның түсінік хаты:

- ✓ бағыты;
- ✓ жаңашылдығы, өзектілігі, педагогикалық маңыздылығы;
- ✓ мақсаты мен міндеттері;
- ✓ ерекшеліктері;
- ✓ күтілетін нәтижелер және оларды тексеру әдістері.

5.5. Авторлық бағдарлама мазмұны:

- ✓ авторлық бағдарлама мазмұнына: тақырыптық-оқу жоспар, тақырыптар, бөлімдер тізбесі;
- ✓ сабақтың теориялық және практикалық түрлеріне бөлінетін тақырыптарға арналған сағаттар саны, авторлық бағдарламаның мазмұны тақырыптардың қысқаша сипаттамасы арқылы ашылады. (Теория және практика).

5.6. Авторлық бағдарламаның әдістемелік қамтылуы:

- ✓ сипаттама;
- ✓ тақырып бойынша жоспарланған сабақ түрлері (ойын, экскурсия, конкурс, конференция және т. б.);
- ✓ оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың әдістері мен түрлері, дидактикалық материал, сабақтың техникалық жабдықталуы;
- ✓ әр тақырып немесе бөлім бойынша қорытынды шығару.

5.7. Қосымша:

- ✓ Оқу-әдістемелік кешен: оқу құралы, оқу дәптері, дидактикалық, көрнекілік, электронды материал, білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау және бағалау бойынша материалдар (жазбаша бақылау тапсырмалары, тест тапсырмалары, бөлімнің, тоқсанның суммативті жұмыстары).
- ✓ **5.7. Материалдар қағаз және электронды нұсқада ұсынылады.**

Рәсімдеуге қойылатын талаптар:

- ✓ А4 форматта, текст редакторы- Microsoft Word, шрифт – Times New Roman, шрифт көлемі – 14, екі жақ жиегі – 2 см. барлық жағынан, жоларалық интервал -1 -1,5, ориентациясы кітап, тасымалсыз.

5.8. Конкурссты өткізу кезеңдері мен мерзімдері:

I кезең - білім беру ұйымдарында (ақпан-наурыз);

II кезең – облыстық (сәуір-мамыр).

5.9. Конкурсқа әр аймақтан әр пән бойынша аудандық, қалалық кезеңдердің жеңімпаздары мен жүлдегерлері болып табылатын авторлық бағдарламалар жіберіледі.

VI. КОНКУРСТЫҢ МАЗМҰНДЫҚ БАҒЫТЫ

5.1. Конкурс келесі бағыттарда жүргізіледі:

1. Гуманитарлық (қазақ, орыс тілдері, әдебиеттік оқу);
2. Математикалық;
3. Жаратылыстану ғылымдары (дүниетану, жаратылыстану).

6. КОНКУРС ӘДІЛҚАЗЫЛАРЫ

6.1. Конкурс әділқазыларының жұмысы:

- ✓ конкурстың мақсаты мен міндеттеріне сәйкес материалдарды конкурстың бағалау критерийлеріне сәйкес конкурсқа ұсынылған материалды бағалау;
- ✓ жеңімпаздарды анықтау;
- ✓ жеңімпаздарды марапаттауға қатысу.

6.2. Конкурс қорытындысы арнайы хаттамамен рәсімделіп әділқазы мүшелерінің қолтаңбаларымен бекітіледі.

7. ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІНЕ ҚҰЖАТТАРДЫ ҰСЫНУ ТӘРТІБІ

7.1. Материалдар мен өтініштер 2019 жылдың 31 мамырына дейін, 416 кабинетте қабылданады.

7.2. Конкурсқа қатысу үшін:

- ✓ тіркелген формаға сәйкес қатысушы туралы мәлімет көрсетілген өтініш(1-қосымша);
- ✓ конкурстық материалдар(қағаз және электронды нұсқада).

7.3. Конкурсқа жіберілген материалдар қайтарылмайды.

8. КОНКУРС ҚОРЫТЫНДЫСЫН ШЫҒАРУ, МАРАПАТТАУ

8.1. Әділқазылардың шешімімен анықталған конкурс жеңімпаздары Қарағанды облыстық білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады.

8.2. Әділқазылар ең үздік авторлық жұмыстарды анықтайды.

I орын – 1 авторлық жұмыс;

II орын – 2 авторлық жұмыс;

III орын – 3 авторлық жұмыс.

8.3. Конкурсқа қатысушылар қатысушы сертификатына ие болады. Жеңімпаздардың авторлық бағдарламалары практикаға енгізу үшін облыстық сараптама кеңесінде қарастырылып, ұсынылады.

Туындаған сұрақтар бойынша ОӘО № 416 кабинетке хабарласыңыз. (Қарағанды қаласы, С. Сейфуллина көшесі, 8/2 үй).

1 қосымша

№	Қатысушының аты-жөні	Қала/аудан	Жұмыс орны	лауазымы	Авторлық бағдарламаның атауы (бағытын көрсетіңіз)	Өткізу жылы және іске асыру	Байланыс телефоны, email